

6D070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған **Жумангалиева Назым Кенжегалиеваның** «Шабуылдарды табу жүйесіне арналған параметрлер күйінің ауытқымалығын бақылау технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші

ПІКІРІ

Ақпараттық жүйе ресурстарына шабуылдаушы әрекеттер олардың қоршаған ортасына әсер етеді және белгілі ауытқушылықтар тудырады. Осындай орта әдетте әлсіз қалыптасқан, анық емес және күдікті белсенділікті анықтау үшін арнайы модельдер, әдістер мен жүйелер қолдану қажет. Компьютерлік жүйелердегі басып кірулерді анықтау үшін қолданылатын қазіргі заманғы теориялық және тәжірибелік базаның айқындалмаған, әлсіз қалыптасқан ортада сигнатуралық емес және кибершабуылдардың жаңа түрін айқындау мүмкіндіктеріне қатысты белгілі шектеулер бар. Осы мақсатта эталонды мәндерді құру үрдісін қалыптасуға және басып кірудің түрі мен оның атрибуттарын айқындауға қажет сәйкестіктерді табуға мүмкіндік беретін айқындалмаған, әлсіз қалыптасқан орта үшін базалық шамалар моделі мен эталонды шамалар моделі құрастырылды.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігі. Желілік сигнатуралық емес кибершабуылдар тудырған анық емес жағдайлардағы ауытқушылықтарды анықтау жүйелерінің және технологияларының, әдістерінің, модельдерінің негізінде қазіргі заманғы шабуылдарды анықтау жүйесінің (ШАЖ) мүмкіндіктерін кеңейтетін құралдарды өңдеу қажеттілігімен анықталды

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. компьютерлік желілердегі кибершабуылдардың сигнатуралық емес түрін анықтау жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту үшін ауытқушылық жағдайын айқындау құралдары мен модельдерін құру.

✓ Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде Басып кірулерді анықтауға арналған теориялық және практикалық қордың қазіргі жағдайына жүргізілген сараптама олардың негізгі бөлігі табудың сигнатуралық технологияларына бағытталғанын, ал ауытқымалы ШТЖ әдетте белгілі кемшіліктерге жол беретін статистикалық ұстанымдарға негізделетінін көрсетті.

✓ Екінші бөлімде. Сарапшылық баға мәліметтерін қолдана отырып базалық шамалар модельдерінің негізінде сәйкес эталонды шамалар модельдері ұсынылды, эксперименталды мәліметтерді ескере отырып шешуші ережелерді қалыптастыруға қажет анық емес әлсіз қалыптастасқан ортадағы ауытқушылық жағдайын айқындауға негізделген сәйкес қауіпсіздік құралдарының нәтижелілігін

жоғарылатуға мүмкіндік беретін нақты эталонды анық емес сандар анықталып зерттеу жұмыстары жүргізілген.

✓ Үшінші бөлімде Желілік шабуылдар тудырған ауытқушылықтарды анықтау жүйесі үшін жаңа құрылымдық шешімдер мен ауытқушылық жағдайын анықтау технологиясын өңдеуге арналған.

✓ Төртінші бөлімде Орындалған жұмыстың нәтижесі ретінде компьютерлік желі ресурстарына сигнатуралық емес және жаңа үлгідегі басып кірулер туындатқан анық емес әлсіз қалыптасқан ортада нәтижелі сәйкестендіруге мүмкіндік беретін басып кірулерді анықтау құралдарын жетілдіруге немесе автономды қолдануға арналған технологияда ұсынылған модельдер кешенін құру ғылыми міндетін шешу болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған басылымдарда, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда және шетел журналдарында жарияланған.

Жуманғалиева Н.К. диссертациялық жұмысты орындау кезінде ғылыми зерттеу жұмыстарын іске асыра алды, терең және толық ғылыми-техникалық әдебиеттерді қорыту қабілетін көрсетіп, жұмыстың ғылыми жаңалығымен қатар қорытынды нәтижелерін дәлелдей білді.

Қорытындылай келе Жуманғалиева Назым Кенжеғалиеваның 6D070400 – бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Шабуылдарды табу жүйесіне арналған параметрлер күйінің ауытқымалығын бақылау технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелері» талаптарына сәйкес және автор мамандық бойынша PhD философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,
техника ғылымдарының докторы,
профессор**



Ахметов Б.С.